



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (113)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН
Бүркітбай Гелманұлы

– ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан

– PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара

– PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ
Өткірбай Мылтықбайұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ
Қуаныш Алдабергенұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҒҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯҒАН
Буркитбай Гелманулы

– Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНҒАРУЛЫ Акан

– кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан

– PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдукап

– PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ
Уткирбай Мылтыкбайулы

– PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырулы

– PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ
Куаныш Алдабергенович

– PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Музей кеңістігіндегі тас мүсіндер: ғылыми зерттеу және экспозициялау мәселелері	
<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Каменные изваяния в музейном пространстве: вопросы научного изучения и экспонирования	
<i>Abdighaliuly B., Kadrimbetova N.</i> Stone statues in museum spaces: issues of scholarly research and exhibition...	8
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Визуальные стратегии Национального музея Республики Казахстан в контексте формирования национальной идентичности	
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контексіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің визуалды стратегиялары	
<i>Kazhenova G.T., Akzhasarova A.K.</i> Visual strategies of the National museum of the Republic of Kazakhstan in the context of the formation of national identity.....	24
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Reconstruction and museumification of the remains of the Golden Man: contemporary methods of research and digitalization	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Алтын адамның қанқа сүйегін жаңғырту және музейлендіру мәселелері: заманауи әдістері мен цифрландыру	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Реконструкция и музеефикация останков золотого человека: современные методы исследования и цифровизация.....	37
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова Қ.Б., Кистаубаева А.Қ.</i> Қазақ кесеқабы: көшпелі тұрмыстың музейлік бейнесі	
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова К.Б., Кистаубаева А.К.</i> Казахский кесеқап: музейное отражение кочевой бытовой культуры	
<i>Asylbekova N.O., Baudiyarova K.B., Kistaubayeva A.K.</i> Kazakh keseqap: the museum image of nomadic lifestyle.....	51

Археология / Archaeology / Археология

<i>Таймагамбетов Ж.К., Алипова С.Б.</i> О некоторых методах естественно-научных дисциплин применяемых в исследовании палеолита Казахстана	
<i>Таймагамбетов Ж.Қ., Алипова С.Б.</i> Қазақстан палеолитін зерттеуде қолданылатын жаратылыстану-ғылыми пәндердің кейбір әдістері туралы	
<i>Taimagambetov Zh., Alipova S.</i> On some methods of natural science disciplines applied in the study of the paleolithic of Kazakhstan.....	62
<i>Талеев Д.А.</i> Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы	
<i>Талеев Д.А.</i> Типология городов и поселений Келесского региона	
<i>Taleev D.A.</i> Typology of cities and settlements of the Keles Region.....	75
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Средневековый форпост Жезды на северных чинках Устьурта: предварительные итоги исследования	
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Үстірттің солтүстік жартастарындағы ортағасырлық Жезді бекеті: зерттеудің алдын ала нәтижелері	
<i>Bisembayev A., Kaldybayeva G., Akhatov G.</i> Medieval outpost Zhezdy on the northern escarpments of Ustyurt plateau: preliminary results of the study.....	89
<i>Иманғалиева М., Акымбек Е.</i> Природный фактор в выборе трасс караванных путей средневековья в Талас-Асинском бассейне	

- Иманғалиева М., Ақымбек Е.** Талас-Аса алабындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттарын таңдаудағы табиғи фактор
Imangaliyeva M., Akymbek Ye. Natural factor in the selection of medieval caravan routes in the Talas-Asa basin..... 99
- Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.** Қаратау жартас суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау
Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау
Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures..... 112
- Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У.** Археозоологическая характеристика хозяйственного уклада казахской зимовки Тажегүл-2 XVIII–XIX вв.
Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У. XVIII–XIX ғғ. Тәжіғүл-2 қазақ қыстауының шаруашылық құрылымының археозоологиялық сипаттамасы
Shagirbayev M.S., Ganiyeva A.S., Sakenov S.K., Idrisheva B.U. Archaeozoological characterization of the economic structure of the kazakh wintering site Tazhegul-2 of the 18th–19th centuries..... 125
- Бекзатқызы И.** Цифровые 3D-модели керамики как источник морфометрических данных (на материалах Костанайского областного историко-краеведческого музея)
Бекзатқызы И. Керамиканың цифрлық 3D-модельдері морфометриялық деректер көзі ретінде (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары негізінде)
Bekzatkyzy I. Digital 3D models of ceramics as a source of morphometric data (based on the materials of the Kostanay regional museum of history and local lore)..... 148
- Этнология / Ethnology / Этнология**
- Somfai Kara D.** Kipchak-Turkic (Kuman) speaking peoples and Hungarian prehistory
Шомфай Кара Д. Қыпшақ-түркі (құман) халықтары және мажарлардың арғы тарихы
Шомфай Кара Д. Кыпчакско-тюркские (куманские) народы и предистория венгров..... 162
- Әшбекова Г.У., Үмітқалиев Ұ.У., Саутбекова А.Г.** Қазақ халқының зергерлік бұйымдарындағы космологиялық символдар мен сакралдық түсініктер (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі материалдары негізінде)
Әшбекова Г.У., Умитқалиев У.У., Саутбекова А.Г. Космологические символы и сакральные представления в ювелирных изделиях казахского народа (на основе материалов Национального музея Республики Казахстан)
Eshbekova G.U., Umitkaliyev U.U., Sautbekova A.G. Cosmological symbols and sacred concepts in the jewelry of the Kazakh people (based on the materials of the National Museum of the Republic of Kazakhstan)... 168
- Ермекбаева М.А.** Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы
Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках
Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings..... 179
- Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утепов О.Т.** Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымы: мифологиялық негіздері мен мінәжат тәжірибелері
Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утепов О.Т. Концепт «Жер-Су» в традиционном мировоззрении тюркских народов: мифологические основы и ритуальные практики
Zhumadilova K.A., Ekici M., Utenov O.T. The concept of «Yer-Sub» in the traditional worldview of Turkic peoples: mythological foundations and ritual practices..... 191

Тарих / History / История

- Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.* 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы
Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы
Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years..... 202
- Baigabatova N. K., Ishkalova G.I.* Labor market adaptation strategies of repatriates in the Zhetysu region
Байғабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Репатрианттардың Жетісу облысының еңбек нарығына бейімделу стратегиялары
Байғабатова Н. К., Ишкалова Г.И. Стратегии адаптации репатриантов к рынку труда области Жетысу... 216
- Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж.* Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы
Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан
Primkulova G.Zh., Dinasheva L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkestan..... 225

Шолу / Review / Обзор

- Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т.* Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу
Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курманғалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура»
Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliev A. Review of A.T. Toleubayev's The Early Saka Shilikti Culture..... 238

Мургабаев С., *Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

Археология ғылыми-зерттеу институты

Түркістан, Қазақстан

*e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

ҚАРАТАУ ЖАРТАС СУРЕТТЕРІНІҢ ІШКІ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫН САРАЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақаланы жазуға арқау болып отырған Тянь-Шаньның солтүстік-батыс сілемі болып табылатын, Қазақстанның оңтүстігіндегі үш облысты (Жамбыл, Түркістан, Қызылорда) бойлай орналасқан Үлкен Қаратау жотасының әр кезеңдегі жартас суреттері. Соның ішінде сонау қола дәуірінен бастап, одан кейінгі ерте темір кезеңдерінің бейнелеу өнерінің арасындағы байланыстарды айқындау көзделді. Зерттеуде стилистикалық, иконографиялық, семантикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды.

Мақалада Қаратау жартас суреттерінде кездесетін сюжеттік композициялар мен бейнелердің семантикалық астарына және кезеңдерге байланысты стилистикадағы өзгерістерге сараптама жасалды. Бұл образдардың қалыптасуында аймақтың ежелгі тұрғындарының дүниетанымдары мен діни наным-сенімдерін жазба деректердегі мифологиялық мәтіндер және этнографиялық материалдармен салыстыра отырып қарастырылды. Жартас суреттерінде жиі кездесетін «егіздер» тақырыбы, «ғұрыптық шайқас» тақырыбының түпкі астарында әлемдегі «бітпес күрес» тақырыбы, яғни, дуалистік бағыттағы бинарлық сипаттағы бейнелер қарастырылып отыр. Қола дәуірінде пайда болып, негізі қаланған кейбір сюжеттердің өзінен кейінгі ерте темір кезеңінде стилистік өзгеріске ұшырай отырып қалыпты сюжеттік формаға айналуын байқауға болады. Бұл сюжеттік форма кейбір образдардың таралу аймағын анықтауға және кезеңдер арасындағы дүниетанымдық әрі материалдық мәдениетінің сабақтастығын айқындауға мүмкіндік беріп отыр.

Кілт сөздер: археология, петроглиф, семантика, Қаратау, мифология, дуализм, зооморфты бейнелер, сюжет, иконография.

Дәйексөз үшін: Мургабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә. Қаратау жартас суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). бб. 112-124 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.09>

Кіріспе

Жартас суреттері әр тарихи кезең мен аймақтың ежелгі тұрғындарының өмірінен – шаруашылығы, әдет-ғұрпы мен мифологиялық дүниетанымынан сыр шертетін археологиялық дерек көзі болып табылады, сондай-ақ ежелгі кезеңдерде болуы ықтимал мәдени, саяси ықпалдар мен қарым-қатынастардың ашып көрсетуге септігін тигізетін ақпараттық құндылығы жоғары дерек көзі. Сондай-ақ кейбір сюжеттер мен көріністердің негізінде олардың ішкі мәні мен семантикасын саралау, кезеңдер арасындағы рухани сабақтастықты ашып көрсетуде құнды мағлұмат болып табылады.

Қола дәуірінің жартас суреттерін тақырыптық желісіне үңілетін болсақ – антропоморфты бейнелер негізгі кейіпкер ретінде кескінделді. Осы кезеңнен бастап басқа жануарлар бейнелері, таңбалар мен символдар негізгі адам образының аясында өрбитін тақырыптың бағынышты құрамдас бөлігі болып табылады, яғни, адам мен оның болмысына деген қызығушылықтың өсуімен ерекшеленеді. Әлемдік мифологияның архаикалық образдарын бақылау, олардың дамуындағы қызық заңдылықты, яғни ежелгі тотемдік, зоо немесе орнитоморфтылықтан

антропоморфтылыққа ауыса бастағандығын көреміз (Хлобыстина, 1987: 87). Сондай-ақ қола дәуірінде пайда болған кейбір образдар мен сюжеттердің өзінен кейінгі кезеңдерде қалыпты бір формаға немесе белгілі бір символикалық сипатқа ие бола бастайды. Алғашқыда қарапайым пішіндегі белгілі бір семантикалық мәнін сақтай отырып кезеңіне байланысты стилистикалық өзгеріске ұшырағанын көруге болады. Бұл кезеңдер арасындағы дүниетанымдық сабақтастықтың айғағы.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі тақырыбы ретінде Қаратау жотасының қола, ерте темір кезеңінің жартас суреттеріндегі кейбір сюжеттік сарындар қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, бұл бейнелердің ішінен кейбір ерекше нұсқадағы композициялар таңдап алынып отыр. Аталған бейнелердің иконографиялық ерекшеліктері мен олардың семантикалық қырларына талдау жасалып отыр. Олардың хронологиялық кезеңдеріне сай тиісінше стилистикалық ерекшеліктері бірқатар өзгеріске ұшырағанымен өзінің мағыналық салмағын өзгертпегенін көруге болады. Материалдар көпжылдық зерттеулер негізінде жинақталған автордың түпнұсқалық көшірмелер мен негативтері, мұрағаттық қорларынан, фотодеректік материалдардың негізінде талданды. Сонымен қатар зерттеу барысында Қазақстан мен алыс-жақын көршілердің аумағындағы петроглифтермен, заттай деректермен қатар жазба деректердегі мифологиялық мәтіндер және бірқатар этнографиялық материалдармен салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу әдістерінде төмендегі тәсілдер қолданылды:

Салыстырмалы тарихи әдіс. Қаратау жартас суреттеріндегі бейнелерді заттай деректермен қоса әлем халықтарында кездесетін мифтік кейіпкерлер және олардың қалыптасуындағы ежелгі дүниетанымын уақыт пен кеңістікке қарамастан семиотикалық байланыстарын салыстырмалы түрде анықтау.

Семантикалық талдау – Жартас суреттеріндегі антропоморфты және зооморфты бейнелердің образдарының символикалық мағыналық жүктемесі мен дүниетанымдық функциялары, аймақтың ежелгі тұрғындарының дуалистік бағытта өрбитін бинарлық образдарын ашып көрсету.

Иконографиялық әдіс. Бейнелердің

кескінделу ерекшеліктері, жекелеген суреттер мен композиция құру мен стилистикалық ерекшеліктері мен мағынасы анықталды. Кейде алғашқы қарапайымдылықтан уақыт өте келе стилистикалық өзгеріске ұшырағанымен өзінің архаикалық мағынасын сақтап қалуы.

Археологиялық контекстуализация. Жартас суреттерімен қоса ежелгі мифологиялық мәтіндер мен этнографиялық материалдарда аймақтық мәдени байланыстар сипатында қарастырылады. Дегенмен уақыт пен кеңістікке қарамай бұл «әмбебап» образдар мен сюжеттердің конвергентті түрде дамығанын айтуға болады. Бұл әдістерді кешенді қолдану арқылы Қаратау жартас суреттеріндегі бұл бейнелердің мәдени-символикалық табиғатын ашу, оның архетиптік деңгейдегі мәнін түсіндіру және дәуірлік трансформациясын көрсету мүмкін болды.

Талдау

Жартас суреттеріндегі дуалистік негізде өрбитін бинарлық сипаттағы бейнелер. Әр кезеңнің бейнелеу өнерінің өзіндік басым тұстары, өзіндік тақырыптық желісі бар, стилистік ерекшеліктері болатыны белгілі. Жартас суреттерінде шайқасып не төбелесіп жатқан бейнелердің барлығын бірдей адамдар мен тайпалар арасындағы шын мәніндегі қақтығыс сәті бейнеленген көрініс ретінде қарастырмауымыз керек. Бұл көріністердің кейбірінде «ғұрыптық шайқас» кескінделген болуы ықтимал. «Ғұрыптық шайқас» жарқын бейнесін Сауысқандық жартас суреттерінен (сур. 1), сонымен қатар Арпаөзен петроглифтерінде кездесетін шайқасып жатқан адамдардан байқауымызға болады (сур. 2). Қаратаудың солтүстік-батыс бөлігінде, әсіресе Сауысқандық петроглифтерінде антропоморфты бейнелерінің арасында қырынан кескінделген, аяқтары тізеден жартылай бүгіліп, иығына шоқпар асынған, ал екінші қолы шынтақтан жоғары не төмен бүгілген, жамбас тұсында ұшы домалақ етіп кескінделген құйрығы бар антропоморфтылар жиі кездеседі (Самашев и др., 2014; Мургабаев, 2013: 52-65). Сауысқандық III тобында кескінделуі жағынан жоғарыдағыларды дәлме-дәл қайталайтын екі антропоморфтылардың шайқасу сәті бейнеленген. Бұл көріністің ерекшелігі – бір ағаштың екі бұтағы тәріздес, немесе «сиам егіздері» тәріздес аяқтарының ұштары



Сур. 1. Сауысқандық петроглифтері. Антропоморфты бейнелер

Fig. 1. Petroglyphs of Sauyskandyk. Anthropomorphic images

біріктіріліп қандай да бір «эмблемалық» сипатта кескінделген (сур. 1). Бұл бейнелер суретшінің байқаусызда жіберген қателігі емес, арнайы, өте ұқыптылықпен жоспарлы түрде осылай кескінделгені анық байқалып тұр. Келесі Арпаөзен петроглифтеріндегі шоқпармен шайқасып жатқан екі антропоморфтының кіндіктері қалың бір сызық арқылы біріктірілген. Бұлай кескінделу қос кейіпкер арасында ортақ «жақындықтың» болғандығын анық меңзеп тұрғандай.

Бұл сонау ерте кезеңдерден-ақ діни дуализм бағытында өрбитін бір-біріне тәуелсіз екі бастаманың арасындағы мәңгілік күрестің көрінісі іспеттес. Бұл бейнелер қарапайым шайқастан гөрі, сол ортада қалыптасып үлгерген «эмблемалық» сипатқа ие сюжеттер. Дуалистік көзқарас еш уақытта өзінің өзектілігін жоғалтқан емес және көптеген халықтардың діни наным-сенімдерінде, салт-жоралғыларында орын алған. С.П. Толстов «Древний Хорезм» еңбегінің Ферганалық навруз бөлімінде Орта Азияда жаңа жылды тойлауға байланысты әдет-ғұрып туралы баяндайды. Ол дәстүр бойынша, жаңа жылдың басында патша мен әскербасылар екі топқа бөлінеді. Әр топ өз арасынан сауыт-сайман киген бір адамнан шығарып төбелестіреді және әр топ төбелес барысында өз адамына тас, кірпішпен қамтамасыз етіп, көмектесіп тұрады. Төбелес олардың бірі мерт болған соң тоқтайды және сол арқылы келер жылдың жақсы не жаман болатындығын болжайды (Толстов, 1948: 282-283). Бұл ғұрыптық әрекеттерге қарап бүкіл қала тұрғындарының екіге бөлініп




Сур. 2. Арпаөзен петроглифтері. Антропоморфты бейнелер

Fig. 2. Petroglyphs of Arpaozen. Anthropomorphic images

шайқасуының алғашқы қауымдық халықтар арасында кең таралған екі фратрий арасындағы ғұрыптық күрес екендігін көреміз. Орта Азияға жақын орналасқан Солтүстік Индиядағы нага тайпасында әр ауылдың тұрғындары екіге бөлініп жылына 1-2 рет ғұрыптық төбелес ұйымдастыратын болған. Орта Азияда мұндай ғұрыптар туралы Ахман-ат-Такасим фи-Мафират ал-Акалим ал-Макдисидан (X ғ. соңы) көруге болады. Мұсылмандық құрбан айт мейрамында құрбандық шалу кезіндегі ғұрыптық төбелес немесе шайқас туралы С.П. Толстов «видишь их (жителей главного города Гургана), как они в день заклания двумя группами ссорятся из-за головы верблюда – израненные, избитые и расстроенные». Характерно, что представляющий прямую параллель анализируемому нами ферганскому обычаю мы находим в описании хронике династии Тан, относящемся к обычаям восточно-туркестанского города-государства Кучи. «В новый год семь дней увеселяются боем баранов, лошадей и верблюдов, чтобы по их драке отгадать, урожаен или неурожаен будет год. Этот обычай прокладывает прямой путь между «боем за голову верблюда» Макдиси и «ферганским Наурузом».

Другую, также очень близкую параллель мы находим в исследованном Фрэзером древнеримском обычае осеннего жертвоприношения коня. Ритуал начинался с состязания колесниц. Правый конь победившей колесницы убивался копьем, ему отрезали голову и украшали ожерельем из снопов» (Толстов, 1948: 284).



Сур. 3. Сауыскандық петроглифтері. Түйелер, бұқалар және антропоморфты бейнелер
Fig. 3. Petroglyphs of Sauyskandyk. Camels, bulls and anthropomorphic images



Сур. 4. Сауыскандық петроглифтері. Түйелер және антропоморфты бейнелері
Fig. 4. Petroglyphs of Sauyskandyk. Camels and anthropomorphic images



Сур. 5. Сауыскандық петроглифтері. Түйелер бейнесі
Fig. 5. Petroglyphs of Sauyskandyk. Image of camels



Сур. 6. Қызылшың петроглифтері. Түйелер бейнесі
Fig. 6. Petroglyphs of Kyzylchin. Image of camels

С.П. Толстов өзінің еңбегінде осындай «ғұрыптық шайқасқа» байланысты салт-жоралғының әлемнің әр бөлігінде кездесетіні туралы көптеген мәліметтер келтіреді. Біз бұл дәстүрден байқағанымыз «ғұрыптық шайқастың» тек қана адамдар арасында ғана емес сондай-ақ жануарлар арасында да өткізілетіндігін көріп отырмыз. Тағы бір мән беретін нәрсе, жеңген не жеңілген жаққа байланысты жылдың қандай болатындығы жайлы болжамдар жасауы. Ал ежелгі римдіктерде арбаға жегілген қос жылқының тек оң жақтағысы ғана құрбандыққа шалу дәстүрінің болғандығын көріп отырмыз. Осы сипаттамалар мен жартас суреттеріндегі көріністі өз бастауын ырымдар мен тыйымдардан алатын осы дәстүрлерді салыстырап болсақ, Қаратау мен іргелес аудандардың петроглифтерінде жиі кездесетін жануарлар шайқасы, әсіресе түйелер шайқасын ерекше атап өтуге болады (сур. 3,4,5,6,7,8). Ол бейнелердің барлығында бірдей бір қалыпты бейнелеу үрдісі сақталған. Егер мән беріп қарасақ бұл көріністердің барлығында оң жақтағы түйенің басы төменде, ал сол жақтағысының басы жоғарыда орналасқан (бұл

«түйелер шайқасының» қола дәуірінің шамамен б.з.д. II м.ж. екінші жартысынан бастап ерте темір кезеңінде кеңінен тараған образдар қатарында). Сауыскандық петроглифтерінде өте көлемді етіп салынған осындай «қос түйе» образы бейнеленген көріністе жануарлардың тұлғалары ретсіз сызықтармен безендірілген, ал олардың бастары ерекше ұқыптылықпен оюланған. Бұл жердегі және бір ерекшелік олардың кеуделеріндегі ретсіз сызықтармен орындалған безендірулердің екеуінде екі түрлі екендігінде. Бұл жерде алғашқыда шайқас ретінде кескінделмегенімен, негізгі идея оң және сол жақтығы, яғни, «қарсы» беттегі деген ұғыммен түсіндіруге тырысқан. Дегенмен уақыт өте келе бұл образдар шайнасып жатқан жануарлар ретінде өзгеріске ұшырап, ерте темір кезеңінде «аң стилінің» элементтерімен толықтырылған қалыпты образға айналғанын байқауға болады (сур. 9,10,11). Жалпы осы қос түйенің шайқасы ретінде кескінделетін бейнелердің заттай бұйымдар ретіндегі таралу аймағы Қазақстанның батыс, оңтүстік, аймақтары, оңтүстік Орал маңы, Жетісудың батыс бөлігі (Джумабекова и др., 2014: 307-



Сур. 7. Байқоңыр петроглифтері (В.А. Новоженев бойынша)
Fig. 7. Petroglyphs of Baikunur (according to V.A. Novozhenov)

327), орталық Қазақстанның оңтүстікпен шегаралас аймақтары (Новоженев, 2002: 50). Бұл бейнелердің кескінделуі жай «түйелер шайқасы» дегеннен гөрі «ғұрыптық сипаттағы түйелер шайқасы» деген мәнді беріп тұрғандығын аңғаруға болады. «Ферғаналық наурыздың» немесе басқа да халықтардағы жаңа жылды тойлау сәтіндегі жануарлар шайқасының екі топтың арасындағы бәсеке ретіндегі ғұрыптық әрекет екендігі белгілі. Ал жартастағы екі түйенің әркелкі ою-өрнекпен безендірілуі де осы тақырып аясында өрбитін оң немесе сол бөліктің өзіндік ерекшеліктерін меңзеп тұрғандығының айғағы.

Осы қарастырып отырған көріністерді түпкі негізінде алғашқы қауымдық дуалистік дүниетанымнан бастау алатын «егіздер» мифінің жатқандығын көреміз. «Егіздер» мифінің әлемнің барлық бөлігінде кездесетіндігін Э. Тэйлор, Л.Я. Штернберг (Штернберг, 1936: 73-109) сияқты ғалымдардың алғашқы қауымдық діндерге байланысты еңбектерінде көре аламыз. Олар парсылардағы Ормузда мен Ариман – ағалы-інілі егіздер, әрі бітіспес жаулар туралы дуалистік негізде өрбіген миф ретінде белгілі. Философиядағы дуалистік бағыт материализм мен идеализмді үйлестіре қарайтын болса, ежелгі мифологияда олар ақ пен қара, өмір мен өлім сияқты бір-біріне кереғар екі бағытты үйлестіре қарайды. Яғни, әлемдік тепе-теңдіктің негізінде жасалған миф. «Егіздер» туралы мифтің бір нұсқасына ирокездердің Иоскева мен Тавискарон жайлы мифті жатқызуға болады:




Сур. 8. Арпаөзен петроглифтері. Түйелер бейнесі
Fig. 8. Petroglyphs of Arpaozen. Image of camels


«небесная женщина, зачавшая от хозяина ветров близнецов Иоскеву («светлый»), и Тавискарона («темный»), падает из верхнего мира в нижний на спину черепахи, превращающейся в земную сушу. Однако Тавискарон, разрывая тело подмышкой матери и, убивая ее этим, выходит первым. Уже по рождении он резко отличается от брата. Тело его состоит из кремня и на его темени находится острый как нож, кремневый гребень, при помощи которого он разорвал тело матери».

Бабка близнецов – Ataentsic или Ataensic, «Великая земная Мать» отсекает голову своей убитой дочери и вешает ее тело и голову на ветви деревьев. Тело становится солнцем, голова – луной» (Толстов, 1948: 289).

Сауысқандық жартасындағы аяқтарының төменгі бөлігі бірігіп кеткен, шоқпар ұстап шайқасып жатқан адамдарды бейнелеген көрініске мән беріп қарайтын болсақ «егіздердің» (олардың егіз екендігін меңзейтін нәрсе екеуінің «айнадағы көрініс» сияқты бір-біріне ұқсастығы және бір ағаштан өскен екі ағаш бұтағы тәрізді аяқтарының бірігіп кетуі) бірінің маңдай тұсында қысқа мүйіз (бұқа), екіншісінде ұшы төмен қараған, балық арқасындағы желбезек тәріздес белгі бар. «Егіздердің» ішіндегі «қараңғы» яғни жағымсыз кейіпкер (ирокездердегі Тавискарон, Авестадағы Ангро-Майнью, парсы мифіндегі Ариман т.б.) сипатына ие осы оң жақтағы соңғысы болуы мүмкін. Оң жақтағы антропоморфты төменгі бөлікте, ал сол бөліктегісі жоғары



Сур. 9. Курган-Тепе қорымы. Сүйектен жасалған бұйым
(В.А. Новоженев бойынша)
Fig. 9. Kurgan-Tepe burial ground. Bone artifact
(according to V.A. Novozhenov)



Сур. 10. Пятимары I. Қоладан жасалған ат әбзелі
(оңтүстік Урал)
Fig. 10. Pyatimary I. Bronze horse harness
(southern Urals)

орналасуы соңғысының басымдығын айғақтап тұр. Жалпы қай қоғамда, қай жерде болса да жақсылықтың күшін басым қылып көрсету нышанын байқауға болады. Сол сияқты Сауысқандықтағы «жарық» яғни жағымды кейіпкердің (ирокездердегі Иоскег, Авестадағы Ахура Мазда, парсылардағы Ормузд т.б.) басымдылығын көрсетуге бағытталғандығын аңғарамыз. Жалпы Авесталық мәтіндегі әлемнің құрылымы мен ол жердегі кейіпкерлер көптеген халықтардың мифтік әңгімелерінің негізгі желісін құраушылар болып табылады. Мүмкін Авестаның алғашқы нұсқасын құрастырушылар да Орталық Азия ежелгі тұрғындары болуы ықтимал (Шалекенов, 2009: 161-169). Жалпы осы сипатталып отырған қосарланған суреттердің барлығын «әлемдік тепе-теңдік» идеясының аясында өрбитін сюжеттер деп айтуға болады.

Ерте темір кезеңінің аң стилінде бейнеленген көріністерінің арасында негізгі сарын ретінде жыртқыштардың жануарларды алқымдап жатқан сәтіндегі бейнелер көрсетіледі. Ал өзара жыртқыштар арасындағы шайқас сирек кездесетін көріністер қатарында. Жыртқыш арасындағы шайқас бейнеленген көріністерге тоқтала кетсек. Жоғарыда сөз болған С.П. Толстовтың «Ферғаналық наурызда» кездесетін мифтік кейіпкерлерге тоқтала кетсек. Ирокездердің «Егіздер» туралы мифінде Иоскегті («жарық») жақтаушы жануарлар ретінде былай делінген: «Близнецы, выросши, вступают друг с

другом в жестокую борьбу. Иоскега устраивает и улучшает мир на пользу людям. По его слову расширяются тесные пределы земли-черепахи и новые земли покрываются молодым кленовым лесом; он приводит в порядок мир животных. По его слову на земле появляются расщелина, полная маслом. Он вызывает к ней зверей, спрашивая их чем, чем они могут быть полезны людям, и изменяя их природу в соответствии с их назначением. По его слову к расщелине являются бык, за ним медведь, затем олень, затем мелкие животные: енот, сурок, дикобраз и скунс, куница, выдра и др... Волк, пантера и лисица, пришедшие последними, вовсе не получают места у масляного источника» (Толстов, 1948: 289). Осы мифтік көріністің жартастар суреттері арасындағы баламасын Сауысқандық петроглифтерінің ерте темір кезеңіне тән бейнелерінен көруімізге болады. Бұл жердегі үш жұптың арасындағы аңдар шайқасында мысық тұқымдас екі жерде – бірінде аюмен, екінші жерде қабанмен шайқасы бейнеленген (сур. 12). Бұл жерде де осы бір-біріне қарама қайшы үш кейіпкердің арасындағы шайқас бейнеленген. Ерте темір кезеңінің бейнелеу жартастар суреттерінде қола дәуірінің бейнелеріне қарағанда қабан бейнесінің саны күрт өседі және аң стиліндегі мәнерінде кескінделген нұсқалары жиі кездеседі. Оның өзіндік теңеуі Вератрангна келбетінде кейде жоғарғы әлемге қатысты құрбандық малы ретінде сипатталады.



Сур. 11. Иссык-Көл маңынан (Долинка) табылған құрбандық тақтасы (Джумабекова Г.С., т.б. бойынша)
Fig. 11. Sacrificial tablet found near Issyk-Kul (Dolinka) (according to Dzhumabekova G.S., et al.)

Қабан образының Орта Азиялық халықтарда тілдік нұсқада сирек кездесуі немесе жойылып кетуі Ислам дініндегі бұл мақұлыққа деген тыйымның салдары болар. Мысалы, қабан образын батыстағы скандинавиялықтардың «асстар туралы мифологиясында» кездеседі. Ғалымдар арасында «асстар Азиядан шыққан» болуы ықтимал деген пікірлер де айтылып жүр. Сонымен Асстар – герман-скандинав мифологиясындағы тәңірлердің жалпы атауы. Асстардың әкесі де, басшысы да – Один (Водан) деген тәңір. Одиннің екінші тұрақ-сарайы «Валгалла» болып есептеледі. «Валгалла» исланд тілінен аударғанда «өлілер сарайы» дегенді білдіреді. Валгалла Астара ауылында орналасқан (биік шың, аспан әлемі деп түсіндіріледі). «Валгаллада өлген шейіт-жауынгерлер. Сарайдың ортасында «Эльдхримнир» деген қазанда Анхримнир деген аспаз таусылмайтын Сэхримнер деген вепрьдің (қабан) етін пісіріп эйнхерийлерге береді. Осы сарайда эйнхерийлер әлгі ет пен Хейдрун-ешкінің сарқылмайтын сүтін ішіп-жеп тойлап жатады мыс» (Мелетинский, 1982: 212). Көріп отырғанымыздай бұл жерде қабан Аспан әлемін мекен еткен жауынгерлердің қасиетті «жұмақтық ас» дайындауға құрбандық малы ретінде сипатталады. Соған қарағанда Сауысқандық жартасындағы көрініс «егіздер» мифі мен «асстар мифінің» ортақ сипатқа ие көрінісі болар. Бұл жердегі шайқас арқылы әлемнің үш бөлігіне тән кейіпкерлер арасындағы «ғұрыптық шайқас» болар. Мысық тұқымдас – жаналғыш жыртқыш - төменгі әлемге тән,

ал аю орта, қабан жоғарғы әлемге тән жануар келбетіне ие. Ерте темір кезеңінің жерлеу орындарында көп кездесетін қабан мүсіндері осының айғағы болар. Осындай сипатқа ие қабандар бейнесі Сауысқандық жартастарында кездеседі. Бұл бейнелердің біреуі өз пішінін сақтаған. Ал қалған екеуі сақ дәуірінің бейнелеу үлгісіне тән деформацияға ұшыраған бейне ретінде кескінделген. Соңғы екеуінің аяқтары «құс саусақтары» іспеттес етіп берілген. Бұл бейнелеу әдісі де оларға «құс образын» қосақтау, яғни жоғарғы әлемдік екендігін меңзейтін тәрізді (Самашев және т.б., 2014: 271, сур. 535). Орта және Орталық Азияның жартасқа бейнелеу өнерінде қола дәуірінде пайда болып, ерте көшпенділердің идеологиясында қабан образының рөлі жоғарылай түседі (Кубарев, 2003: 74-76). Бұл ерекшелік Қаратау жартас суреттерінде айқын байқалады. Қола дәуірінің бейнелерінде сирек кездесетін қабан образы ерте темір кезеңінде саны мен кескінделу ерекшелігі жағынан көбейе түседі.

Мифологиялық «егіздерден» өрбитін образдардың жануарлар мен жыртқыштар арасындағы нұсқасын ежелгі тұрғындардың дүниетанымындағы бинарлық немесе дуалистік түсініктің бірден-бір көрінісі ретінде болуы ықтимал. Мысалы, Бундахишнада Агура-Мазда жаратқан алғашқы бұқаны жылан кейпіне енген Ангро-Майнью өлтіреді, әйтсе де оның ұрығынан бүкіл тіршілік пен өсімдіктер әлемі пайда болады. Ал Ангро-Майнью оған қарсы әлемге зиянды жәндіктер мен жануарларды алып келеді (жылан, сарышаян, кесіртке,



Сур. 12. Сауыскандық петроглифтері.
Жануарлар шайқасы
Fig.12. Petroglyphs of Sauyskandyk. Animal fight



Сур. 13. Сауыскандық петроглифтері. Салт атты және
жыртқыштар
Fig. 13. Petroglyphs of Sauyskandyk. Riders and Predators

құрбақа, қасқыр т.б.). Өз кезегінде Агура-Мазда, Ангро-Майнью жаратқан зиянды жануарлар мен құбыжықтарға қарсы күресетін пайдалы жануарларды жаратады. Солардың ішінде қасқырға қарсы итті жаратады (Толстов, 1948: 291). Сауыскандық петроглифтерінде осы мифтің суреттегі баламасын көре аламыз. Көріністе бір-біріне қарама-қарсы тұрған ит пен қасқыр бейнесі (сур. 13). Бұл көрініс бір қарағанда жылқыны алқымдап жатқан екі қасқыр сияқты көрінер. Әйтсе де көріністегі екі салт атты да оң жақтағы «қасқырдан» арашалауға бағытталғандығын көреміз. Оң жақтағы бейне қасқырға тән аздап бүкірейіп, жауырын тұсы шығыңқы, құйрығы төмен салбыраған қалыпта кескінделген. Бұл жерде де жоғарыдағы түйелер шайқасындағы қалыпты бейнелеу үлгісі сақталған, яғни оң жақтағысының басы төменде, сол жақтағысының басы жоғарыда.

Жартас суреттерінің бірінде зооморфты бейнелер арасындағы екі жұп бұқаның сүзісіп жатқан сәті кескінделген. Сүзісіп жатқан екі жұптың ортасын шардың бір бөлігі іспеттес доғал



Сур. 14. Сауыскандық петроглифтері. Бұқалар
Fig. 14. Petroglyphs of Sauyskandyk. Bulls

сызық бөліп тұр (сур. 14). Кейбір көріністер мен сюжеттердің мағыналық, ішкі семантикалық мәнін түсіндіруде ежелгі индоирандық, ортағасырлық жазба әдебиеттерде, сонымен қатар Орта Азия халықтары мен қазақ халқының фольклорында, ертегілерде, аңыздар мен халық арасында сақталған діни наным-сенімдеріне байланысты жөн-жоралғыларда кездестіруге болады. Мысалы, қазақтардың кейбір астрономиялық денелер мен табиғи құбылыстар туралы мифтік әңгімелерінде: «Жерді үлкен бұқа бір мүйізімен ұстап тұрады және бір мүйізі шаршап, келесі мүйізіне ауыстырғанда жер сілкінеді», – дейді. Осы аңыздың келесі бір нұсқасында «жерді екі бұқа мүйізімен ұстап тұрады, кейде олар күші тасып, бір-бірімен сүзіскен сәтте мүйіздерінен ұшқын ұшады, ол – найзағай» деп түсіндіреді. Бұл сипаттамада да біз сол қосарланған бинарлық сипаттағы дуалистік түсінікке негізделген сюжетті көріп отырмыз. Сонымен қатар бұл «оқиғаның» жалғасы ретінде бұқа бүкіл ғаламды ұстап тұрушы, найзағай (жаңбыр) жіберуші, яғни «жер ананы» нәрлендіруші, «ұрықтандырушы» мифтік жануар сипатына ие, яғни әлемдегі екі бастаманың (еркек пен әйел) көрінісі деп қарастыруға болады (Мургабаев, 2025: 250).

Осы мақалада жартас суреттерінің жай ғана бейнелер жиынтығы емес, қай кезеңде салынғанына қарамастан, сол дәуір адамдарының ойы, қиялы мен дүниетанымынан хабар беретін маңызды дерек түрі екені көрсетіледі.

Алынған нәтижелер

Зерттеу аясында Қаратау жотасындағы жартас суреттерінде кездесетін антропоморфты не зооморфты образдар мен композициялардың иконографиялық құрылымы мен ішкі семантикалық мазмұны анықталды. Қола

дәуірінің жартас суреттерінде пайда болып, өзінің архаикалық жүктемесін сақтай отырып келесі кезеңдерден орын алғандығы анықталды.

1. «Егіздер» бейнесі – бір қарағанда жай ғана қарулы адамдар арасындағы шайқасу сәті сияқты болып көрінгенімен кейбір сюжеттерге егжей-тегжейлі қарайтын болсақ әлдеқайда күрделі мәндік-мағыналық сипат жатқандығын байқаймыз. Бұл жерде бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ қарама-қарсы бинарлық сипаттағы көріністер бейнеленген.

2. «Ғұрыптық шайқас» бейнесі – біз қарастырып отырған антропоморфтылар немесе зооморфтылар арасындағы өзара шайқастар. Бірдей екі бейненің бір-біріне қарама - қарсы, шайқасып жатқан көріністерден түбінде ортақ бірліктің болғандығын меңзейтін ерекшеліктер анық байқалады.

3. «Әлемдік тепе-теңдік» – мұндай көріністердің барлығына тән ортақ негізгі идеясы – адамзат баласының дүниетанымындағы әлемдегі бітпес күрестің немесе әлемдік тепе-теңдікті сипаттау болғандығын аңғарамыз. Бұл сюжеттердің түпкі идеясы ретінде дуалистік дүниетанымның жатқандығы.

4. Бейнелер арасындағы сюжеттік-иконографиялық сабақтастық – қола дәуірінде пайда болып ерте темір кезеңінде иконографиялық, стильдік ерекшелікке ұшырағанымен өзінің алғашқы мағыналық идеясын сақтап қалған сабақтастықты ашып көрсету. Кейде олардың белгілі бір аймақтарда кең таралған қалыпты образға айналуы.

5. Аймақтық және мәдени ұқсастықтар – бұл бейнелер ежелгі дәуір адамдарының дүниетанымы мен рухани мәдениетінің маңызды көрінісі болып табылады. Уақыт пен кеңістікке қарамастан олардың құрлықтарымыздың барлық бөлігінде бір-біріне ұқсас болып келуі және белгілі бір дәрежеде қазіргі уақытқа дейін жалғасын тауып отырғандығы байқауға болады. Бұл шағын сюжеттік көріністердің мифологиялық мәтіндердегі немесе

этнографиялық материалдардағы баламалары олардың өміршеңдігінің дәлелі.

Қорытынды

Қаратау жотасының жартас суреттері арасында бір қарағанда қарапайым сюжеттердің түпкі астарында ежелгі дәуір адамдарының күрделі дүниетанымдық, мифологиялық және әлеуметтік ұстанымдарының көріністерін аңғаруға болады. Жалпы жаратылыстың тылсым дүниелерін, әрдайым бірін-бірі алмастырып отыратын бір-біріне қарама-қарсы, кейде керісінше бірін-бірі толықтырып отыратын, әлемдік тепе-теңдікті меңзейтін көріністерді зерттеу нәтижесі ретінде беріліп отыр. Антропоморфтылар арасындағы біз қарастырып отырған сюжеттердегі «ғұрыптық сипаттағы» шайқастардың бір бұтақтан тараған немесе бір кіндікпен бекітілген «егіздер» арасындағы шайқас екендігін меңзеп тұр. Бұл ерекшелікті зооморфтылар арасындағы шайқастардан да көруімізге болады. Қола дәуірінде пайда болған бір-біріне қарама-қарсы қос түйе образы уақыт өте келе ерте темір кезеңінде стилистік өзгерістерге ұшырап, шайнасып жатқан қос түйе ретіндегі кескінделуін көруімізге болады. Уақыт айырмашылығына қарамастан олардағы алғашқы сипатты сақтап қалуы (оң жақтағының басы төменде, сол жақтағының басы жоғары) суреттер арасындағы сабақтастықтың айғағы. Ерте темір кезеңінде бұл образ Қазақстанның оңтүстік, батыс аймақтарында қалыпты символикалық сипатқа ие болып, тарала бастаған. Бұл композициялық көрініс әлемдік философиялардағы бір-біріне қарама-қайшы, бірақ бірін-бірі толықтыратын тепе-теңдік пен үйлесімнің зооморфты нұсқасы деп айтуға болады. Осы көріністердің ішкі мағыналық сипатын ашуда мифологиялық мәтіндер мен этнографиялық материалдарда кездесетін наным-сенімдер мен салт-жоралғылар өзінің сипаты мен келбеті өзгеріске ұшырағанымен өзінің өміршеңдігін айқындап отыр.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2025-2027 жж. арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша орындалған АР26103733 «Қаратаудың жартасқа салынған суреттерін ежелгі тұрғындардың дүниетанымы тұрғысынан зерттеу» атты ғылыми жоба аясында дайындалған.

Әдебиеттер

1. Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., Торгоев А.И., 2014. Новые образы в художественной бронзе саков Прииссыкуля. Қазақстан археологиясындағы Еуразиялық мәдениеттер тоғысы. Көрнекті археолог К.А. Акишевтің 90-жылдығына арналған ғылыми мақалалар жинағы. Астана: «Сарыарқа» баспасы. С. 307-327.
2. Кубарев В.Д., 2003. Образ кабана в петроглифах Алтая // Археология Южной Сибири: Сб. науч. тр., посвящ. 70-летию со дня рожд. А.И. Мартынова. Новосибирск: Издательство Института археологии и этнографии СО РАН. С. 72-78.
3. Мелетинский Е.М., 1982. Вальхалла // МНМ. М. Ч.1. С. 212.
4. Мургабаев С.С., 2013. Проблемы хронологии и культурных связей ранних петроглифов Каратау // Научное обозрение Саяно-Алтая. №1(5). С. 52-65.
5. Мургабаев С.С., Малдыбекова Л.Д. 2025. Үлкен Қаратаудың қола дәуірі петроглифтеріндегі антропоморфты образдар мен сюжеттердің семантикасы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. №3 (118). С. 245-261.
6. Новоженев В.А., 2002. Петроглифы Сары Арки. Алматы. 125 с., илл.
7. Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. 2014. Сауыскандық петроглифтері. Sauyskandyk petroglyphs. Петроглифы Сауыскандықа – Астана: Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы. 374 б.
8. Толстов С.П., 1948. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. Москва: Издание МГУ. 352 с., илл., табл.
9. Хлобыстина М.Д., 1987. Говорящие камни. Сибирские мифы и археология. Новосибирск. С. 84-87.
10. Шәлекенов У.Х., 2009. Антикалық өркениет Орталық Азияда да болған // III Халықаралық туркология конгресі. Бүгінгі Түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе). Түркістан. Б. 161-169.
11. Штернберг Л.Я., 1936. Первобытная религия в свете этнографии. Исследования, статьи, лекции. Ленинград, Изд-во Института народов севера ЦИК СССР им. П.Г. Смиловича. С. 79-109.

References

1. Dzhumabekova G.S., Bazarbaeva G.A., Torgoev A.I., 2014. Novye obrazy v hudozhestvennoj bronze sakov Priissykulya [New images in artistic bronze of the Saks of the Issyk-Kul region] // Qazaqstan arheologiasyndaғы Eurazialyq мәдениеттер togysy. Kornekti arheolog K.A.Akishevtin 90-jyldygyna arналған gylymi maқalalar jinagy. Astana: «Saryarqa» baspasy. S. 307-327. [in Russian].
2. Kubarev V.D., 2003. Obraz kabana v petroglifakh Altaya [The image of a wild boar in the petroglyphs of Altai] // Arheologiya Yuzhnoj Sibiri: Sb. nauch. tr., posvyash. 70-letiyu so dnya rozhd. A.I. Martynova. Novosibirsk: Izdatelstvo Instituta arheologii i etnografii SO RAN. S. 72-78. [in Russian].
3. Meletinskij E.M., 1982. Valhalla [Valhalla] // MNM. M. Ch.1. S. 212. [in Russian].
4. Murgabaev S.S., 2013. Problemy hronologii i kulturnyh svyazi rannih petroglifov Karatau [Problems of chronology and cultural connections of early petroglyphs of Karatau] // Nauchnoe obozrenie Sayano-Altaya. №1(5). S. 52-65. [in Russian].
5. Murgabaev S.S., Maldybekova L.D. Ulken Karataudyn kola dauiri petroglifterindegi antropomorfty obrazdar men syuzhetterdin semantikasy // Al-Farabi atyndagy QazYU habarshysy. №3 (118). 2025. S. 245-261.
6. Novozhenov V.A., 2002. Petroglify Sary Arki [Petroglyphs of Sara Arka]. Almaty. 125 s., ill. [in Russian].
7. Samashev Z., Murgabaev S., Eleuov M., 2014. Sauyskandyq petroglifteri. Sauyskandyk petroglyphs. Petroglify Sauyskandyka. Astana: A.H.Margulan atyndagy Arheologia institutynyñ Astana qalasyndaғы filialynyn baspa toby. 374 b. Qazaqsha, agylshynsha, oryssha. [in Kazakh, Russian, English].
8. Tolstov S.P., 1948. Drevnij Horezm. Opyt istoriko-arheologicheskogo issledovaniya [Ancient Khorezm. An attempt at historical and archaeological research]. Moskva: Izdanie MGU. 352 s., ill., tabl. [in Russian].
9. Hlobystina M.D., 1987. Govoryashie kamni. Sibirske mify i arheologiya [Talking Stones. Siberian Myths and Archaeology]. Novosibirsk. S. 84-87. [in Russian].

10. Shalekenov U.H., 2009. Antikalyq orkeniet Ortalyq Aziada da bolgan [Ancient civilizations also existed in Central Asia] // III Halyqaralyq turkologia kongresi. Bugini Turkologianyn ozekti maseleleri men keleshegi (ortaq til, tarih zhane alipbi). Turkistan. B. 161–169. [in Kazakh].

11. Shternberg L.Ya., 1936. Pervobytnaya religiya v svete etnografii. Issledovaniya, stati, lekciï [Primitive religion in the world of ethnography. Research, articles, lectures]. Leningrad, Izd-vo Instituta narodov severa SIK SSSR im. P.G.Smidovicha. S. 79–109. [in Russian].

Мургабаев С., *Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.

¹Научно-исследовательский институт Археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави
Туркестан, Казахстан

*e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

АНАЛИЗ ВНУТРЕННЕЙ СЕМАНТИКИ НАСКАЛЬНЫХ ИЗОБРАЖЕНИЙ КАРАТАУ

Аннотация. В данной статье рассматриваются наскальные изображения разных периодов хребта Большой Каратау являющегося северо-западным отрогом Тянь-Шаня. Большой Каратау расположен на территории трех южных областей Казахстана (Жамбылской, Туркестанской, Кызылординской). Целью исследования является выявление связей между изобразительным искусством бронзового века и раннего железного века. Для исследования проблем археологической контекстуализации были применены стилистические, иконографические, сравнительно-исторические методы и анализ семантики сюжетных линий. В статье анализируются семантика сюжетных композиций и изображений наскальных рисунков Каратау, а также изменения в стилистике сюжетных линий различных периодов. Формирование образов рассмотрено на основе сравнения мировоззрений и религиозных верований древних жителей региона с мифологическими текстами и этнографическими материалами из письменных источников. Тема «близнецов» и «ритуальной битвы», часто встречающаяся в наскальных рисунках, основана на теме «бесконечной борьбы» в мире, то есть на бинарных образах дуалистической природы. Некоторые сюжеты, появившиеся и сформировавшиеся в бронзовом веке, претерпели стилистические изменения в последующем раннем железном веке и превратились в устойчивую сюжетную форму. Эта сюжетная форма также позволяет определить ареал распространения некоторых изображений и установить преемственность мировоззрения и материальной культуры между этими периодами.

Ключевые слова: археология, петроглиф, семантика, Каратау, мифология, дуализм, зооморфные изображения, сюжет, иконография.

Для цитирования: Мургабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау // Мәдени мұра. 2026. № 2 (113). С. 112–124 (каз)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.09>

Murgabaev S., *Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A.

¹Research Institute of Archaeology of the Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

*e-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

ANALYSIS OF THE SEMANTIC PROPERTIES OF THE KARATAU ROCK PICTURES

Abstract. This article examines rock art from various periods of the Big Karatau Range, a northwestern spur of the Tian Shan extending across three southern regions of Kazakhstan (Zhambyl, Turkestan, and Kyzylorda). The study aims to identify connections between the visual traditions of the Bronze Age and the Early Iron Age. To address issues of archaeological contextualization, stylistic, iconographic, comparative-historical, semantic analyses were employed. The article explores the semantic meanings of narrative compositions and images found in the Karatau rock art, as well as stylistic changes in their representation across different periods. The formation of these images is examined through a comparison of the worldview and religious beliefs of the region's ancient inhabitants with mythological texts and ethnographic materials preserved in written sources. The themes of "twins" and "ritual battle," frequently depicted in the rock art, are associated with the concept "endless struggle" reflected in binary images of a dualistic nature. Some themes that originated in the Bronze Age underwent stylistic transformations during the Early Iron Age and evolved into established narrative forms. These forms make it possible to trace the distribution of certain images and to identify continuity in worldview and material culture between the two periods.

Keywords: archaeology, petroglyph, semantics, Karatau, mythology, dualism, zoomorphic images, plot, iconography.

For citation: Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures. Madeni mura. № 2 (113). pp. 112-124 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.09>

Авторлар туралы мәлімет:

Мургабаев Сағынбай, PhD, Археология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-4087-4592

Scopus ID: 56658749100

Бахтыбаев Мәлс, PhD, доцент м.а., Археология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-9027-0295

Scopus ID: 58795447400

Малдыбекова Ляззат, Археология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-7154-4350

Scopus ID: 56658736600

Серікбай Әділет, Археология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Мургабаев Сағынбай, PhD, ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института Археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-4087-4592

Scopus ID: 56658749100

Бахтыбаев Мэлс, PhD, и.о. доцента, ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института Археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-9027-0295

Scopus ID: 58795447400

Малдыбекова Лаззат, научный сотрудник Научно-исследовательского института Археологии, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-7154-4350

Scopus ID: 56658736600

Серикбай Адилет, научный сотрудник Научно-исследовательского института Археологии, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

Information about authors:

Murgabayev Sagynbay, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-4087-4592

Scopus ID: 56658749100

Bakhtybayev Mels, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-9027-0295

Scopus ID: 58795447400

Maldybekova Lazzat, Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-7154-4350

Scopus ID: 56658736600

Serikbay Adilet, Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.